

## **"Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 4 маусымдағы № 570 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**  
«Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *С.Ахметов*  
Жоба

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы**

Осы Заң Қазақстан Республикасы кәсіпкерлік секторының өсуіне және дамуына, мемлекеттік экономикалық және өзге де саясатты жасау және іске асыру кезінде кәсіпкерлердің мүдделерін ескеру үшін институционалдық жағдайлар жасауға, кәсіпкерлік қоғамдастық пен мемлекеттің өзара іс-қимыл жасау тетіктерін жетілдіруге бағытталған және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының құрылуына және қызметіне байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңның мақсаттары үшін мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (бұдан әрі - Ұлттық палата) - Қазақстан Республикасының бизнес қоғамдастығы мен мемлекеттік билік органдары арасында кәсіпкерлік бастаманы іске асыру және өзара тиімді әріптестікті дамыту үшін қолайлы құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында құрылған, кәсіпкерлік субъектілері одағын, сондай-ақ олардың бірлестіктерін білдіретін коммерциялық емес, мемлекеттік емес өзін-өзі басқаратын ұйым;

2) Ұлттық палатаның қоғамдық мониторингі - Ұлттық палатаның ақпаратты, оның ішінде оларды шешуге нормативтік құқықтық акті мен нормативтік құқықтық актілердің жобалары бағытталған проблемалар мен міндеттерді шешу деңгейіне қол жеткізу, сондай-ақ олардың елдегі кәсіпкерліктің жағдайына әсерін бағалау туралы ақпаратты жинау, жүйелеу және қорыту жөніндегі қызметі;

3) дара кәсіпкерлердің және (немесе) заңды тұлғалардың Ұлттық палатадағы

қауымдастық (одақ) нысанындағы бірлестіктерін аккредиттеу - дара кәсіпкерлердің және (немесе) заңды тұлғалардың қауымдастық (одақ) (бұдан әрі - қауымдастық (одақ) нысанындағы бірлестіктерінің Ұлттық палатаның басқару органдарында және жұмыс органдарында кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін білдірудің белгіленген критерийлеріне сәйкестігін Ұлттық палатаның тануы;

4) кәсіпкерлік субъектілері - заңнамаға сәйкес тіркелген және Қазақстан Республикасының аумағында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын коммерциялық заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер, шаруа және фермер қожалықтары;

5) «Іскерлік ахуал» рейтингі - орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың жұмысын бағалау және салыстыру үшін жүргізілетін, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер мен реттеу құралдарын жария талдау, сондай-ақ қалыптасқан құқық қолдану практикасын талдаудың нәтижелеріне негізделген кәсіпкерлік қызметті жүргізу жағдайларын тәуелсіз зерттеу;

6) міндетті мүшелік жарналар - осы Заңда белгіленген тәртіпте және мөлшерде Ұлттық кәсіпкерлер палатасына төленетін кәсіпкерлік субъектілерінің жыл сайынғы жарналары.

2-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы  
з а ң н а м а с ы

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық палата туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзге қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

3-бап. Ұлттық палатаның мақсаттары, міндеттері және жүйесі

1. Ұлттық палатаны құрудың мақсаты Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік сектордың өсуінің және одан әрі дамуының институционалдық негіздерін қалыптастыру болып табылады.

2. Ұлттық палатаның міндеттері:

1) кәсіпкерлік қоғамдастықты шоғырландыру;  
2) кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру, қорғау;  
3) мемлекеттік экономикалық және өзге де саясатты жасау және іске асыру кезінде кәсіпкерлік субъектілері мен олардың бірлестіктерінің мемлекеттік органдармен тиімді іс-қимылын ұйымдастыру арқылы кәсіпкерлер мүдделерінің ескерілуін қамтамасыз ету ;

4) Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік бастаманы іске асыру үшін қолайлы құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар жасауға жәрдемдесу;

5) Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мәселелерін

реттейтін заңнамасын жетілдіру процесіне қатысу;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де міндеттер  
б о л ы п т а б ы л а д ы .

3. Ұлттық палата жүйесіне:

1) республикалық деңгейде - Ұлттық палата;

2) аумақтық деңгейде:

облыс, республикалық маңызы бар қала және астана кәсіпкерлерінің палатасы ( б ұ д а н ә р і - Өңірлік палаталар);  
а у д а н д ы қ д ең г е й д е :

Өңірлік палаталардың тиісті облыстың, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аудандарындағы, сондай-ақ аудандық маңызы бар қалалардағы филиалдары;

4) осы Заңның мақсаттарын іске асыру үшін құрылған Ұлттық палата құрылтайшы ретінде қатысатын заңды тұлғалар;

5) Ұлттық палатаның шет мемлекет аумағындағы филиалдары мен өкілдіктері кіреді.

4-бап. Ұлттық палата қызметінің қағидаттары

1. Ұлттық палатаның қызметі мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) барлық кәсіпкерлік субъектілерінің теңқұқылығы;

2) мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарына сәйкес келмейтін шешімдердің қабылдануына жол бермеу;

3) Ұлттық кәсіпкерлер палатасының заңды түрде жүзеге асырылатын қызметін шектеуге жол бермейтін тәуелсіздігі;

4) өзін-өзі басқару;

5) Ұлттық кәсіпкерлер палатасы атқарушы органдарының басшылары мен оның жүйесінің өздерінің алдына қойған міндеттерін тиімді жүзеге асыру үшін құзыреттілігі;

6) қызметінің ашықтығы, өз мүшелері алдындағы есеп беру және жауапкершілігі;

7) шешімдер қабылдаудағы және оларды іске асырудағы тиімділік, жүйелілік және ж е д е л д і л і к .

2. Ұлттық палата, заңнамада өзге коммерциялық емес ұйымдарда міндетті түрде мүше болу белгіленген кәсіпкерлік субъектілерін, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген (есептік тіркеуден өткен) барлық кәсіпкерлік субъектілері өзіне мүше болуы міндеттілігі қағидаты бойынша құрылады.

**2-тарау. Ұлттық палатаның Қазақстан Республикасының Үкіметімен, мемлекеттік органдармен, қауымдастықтармен (одақтармен), өзі құрылтайшы ретінде қатысатын заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау**

5-бап. Қазақстан Республикасының Үкіметімен және мемлекеттік органдармен  
ө з а р а і с - қ и м ы л ж а с а у

1. Мемлекет осы Заңда белгіленген өкілеттіктер шегінде Ұлттық палатаның дербестігіне кепілдік береді.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) міндетті мүшелік жарналар мөлшерінің ең жоғарғы мәнін бекітеді;

2) осы Заңға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық палатаның өзара іс-қимылы Ұлттық палатаны құру мақсатына және оның міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған.

4. Ұлттық палатаның Қазақстан Республикасының Үкіметімен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен:

1) Ұлттық палатаның қатысуы кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және оларға сараптама жасауға;

2) Ұлттық палатаның орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың қатысуымен консультативтік-кеңесші органдарды құруы;

3) Ұлттық палатаның кәсіпкерлердің құқықтары мен міндеттерін қозғайтын мәселелер бойынша орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың жанынан құрылатын консультативтік-кеңесші органдардың жұмысына қатысуы;

4) кәсіпкерлік мәселелері бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу;

5) Ұлттық палатаны құрудың мақсаттарын, міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

5. Мемлекеттік органдар өз құзыреті шеңберінде Ұлттық палатаның қызметіне ақпараттық жәрдем көрсетеді.

6. Мемлекеттік органдар Ұлттық палатаның сұрау салуы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасы кәсіпкерлерінің құқықтары мен міндеттерін қозғайтын ақпаратты ұсынуға міндетті.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын ақпаратты құрайтын мәліметтерді қамтитын мәліметтер Ұлттық палатаның сұрау салуы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, тәртіппен және шарттарда ұсынылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын ақпаратты жария еткені үшін Ұлттық палатаның лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жауаптылықта болады.

6-бап. Ұлттық палатаның қауымдастықтармен (одақтармен) өзара іс-қимылы

1. Ұлттық палатаның басқару органдарын қалыптастыруға және оның қызметіне қатысу мақсатында қауымдастықтар (одақтар) Ұлттық палатада аккредиттеуден өтуге құқылы.

2. Ұлттық палата аккредиттелген қауымдастықтарды (одақтарды) осы Заңда және өзге де заңнамалық актілерде көзделген функцияларды жүзеге асыруға шарттық негізде тартуға құқылы.

### 3. Қауымдастықтар (одақтар):

1) Ұлттық палата тарапынан кәсіптік қолдауды, сондай-ақ оның жарғысында көзделген көрсетілетін қызметтерді пайдалануға;

2) Ұлттық палатаға жазбаша сұрау салумен жүгінуге және Ұлттық палатаға берілген өкілеттіктер шегінде дәлелді жауаптар алуға, оның қызметін ұйымдастыруды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

3) Ұлттық палата ұйымдастыратын оқытудан, қайта даярлаудан өтуге, біліктілігін арттыруға;

4) білікті ақпараттық-талдау қолдау алуға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды пайдалануға құқылы.

7-бап. Ұлттық палата құрылтайшы ретінде қатысатын заңды тұлғалармен Ұлттық палатаның өзара іс-қимылы

1. Ұлттық палата өзінің жүйесіне кіретін заңды тұлғаларды құруға құқылы.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғалардың мақсаттарын, міндеттерін және қызмет түрлерін Ұлттық палата айқындайды.

#### **3-тарау. Ұлттық палатаның құзыреті**

8-бап. Ұлттық палатаның функцияларын жүзеге асыру тәртібі

1. Ұлттық палата осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген функцияларды жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасындағы Ұлттық палатаның осы Заңда көзделген жүйесін ескере отырып:

1) республикалық деңгейде іске асырылатын, осы Заңда және өзге де заңнамалық актілерде көзделген және Қазақстан Республикасының Парламентімен, Қазақстан Республикасының Үкіметімен, орталық мемлекеттік органдармен іс-қимылды болжайтын функцияларды Ұлттық палата жүзеге асырады.

Ұлттық палата құрылтайшылар ретінде өзі қатысатын заңды тұлғаларға жекелеген функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік беруге құқылы;

2) осы Заңда және өзге де заңнамалық актілерде көзделген, аумақтық және аудандық деңгейде жүзеге асырылатын және жергілікті өкілді және атқарушы органдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимылды болжайтын функцияларды Өңірлік палаталар жүзеге асырады;

3) осы Заңда және өзге де заңнамалық актілерде көзделген, халықаралық деңгейде іске асырылатын және шетелдік және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылды болжайтын функцияларды, сондай-ақ кәсіпкерлердің сыртқы экономикалық қызметінің дамуына ықпал ету және Қазақстан Республикасының экономикасына инвестициялар тарту жөніндегі функцияларды Ұлттық палата және (немесе) өзі құрылтайшы ретінде қатысатын заңды тұлға жүзеге асырады.

9-бап. Ұлттық палатаның кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру, және қорғау саласындағы функциялары

1. Ұлттық палата осы Заңға, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және Ұлттық палатаның жарғысына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында, сондай-ақ халықаралық ұйымдарда кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіреді және қорғайды.

2. Ұлттық палата:

1) кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысады;

2) кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін қозғайтын заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер жобаларына міндетті сараптаманы жүзеге асырады;

3) қаржы ұйымдары мен қаржы нарығының қызметін мемлекеттік реттеу функцияларын қоспағанда, кәсіпкерлік қызметті реттеудің жекелеген функцияларын бизнес-ортаға кезең-кезеңімен беру жөнінде ұсыныстар әзірлеуді және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізуді жүзеге асырады;

4) кәсіпкерлердің құқықтары мен міндеттерін қозғайтын мәселелер бойынша құрылатын орталық және жергілікті мемлекеттік органдар жанындағы алқалы консультативтік-кеңесші органдардың жұмысына қатысады;

5) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Ұлттық палата жанындағы аралық сотты және төрелік сотты құрады;

6) кәсіпкерлік мәселелері бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

3. Кәсіпкерлік мәселелері бойынша қоғамдық тыңдаулар осы Заңда және Ұлттық палатаның жарғысында көзделген тәртіппен өткізіледі.

Қоғамдық тыңдауларға Қазақстан Республикасы Парламентінің және жергілікті өкілді органдардың депутаттары, мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың, кәсіпкерлік субъектілерінің, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатыса алады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кіретін орталық атқарушы органдардың өкілдері, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың өкілдері қоғамдық тыңдауларға Ұлттық палата төралқасының шақыруымен қатысады.

10-бап. Ұлттық палатаның мемлекеттік органдардың жұмысын бағалау саласындағы функциялары

1. Ұлттық палата:

1) кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған нормативтік құқықтық актілерді, мемлекеттік, салалық және өзге де бағдарламаларды іске асырудың әлеуметтік-экономикалық салдарына қоғамдық мониторингті жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың кәсіпкерлік мәселелері бойынша қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныстарды енгізеді;

3) мемлекет бақылауындағы акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқаруға бағалау жүргізуге қатысады.

2. Ұлттық палата орталық және жергілікті атқарушы органдардың жұмысын бағалау жөніндегі «Іскерлік ахуал» тәуелсіз рейтингін дайындауды және жүргізуді тұрақты негізде жүзеге асырады, ол мынадай көрсеткіштер бойынша қалыптастырылады:

- 1) жылжымайтын мүліктің және инфрақұрылым объектілерінің қолжетімділігі;
- 2) нарықтық жағдайлардың қолжетімділігі және даму деңгейі;
- 3) кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың қаржылық және қаржылық емес шараларының тиімділігі және қолжетімділігі;
- 4) мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына қатысты сот шешімдері мен прокурорлық ден қою актілерінің болуы;
- 5) мемлекеттік органның және оның лауазымды адамдарының қызметі туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған пікірлер;
- 6) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруда әкімшілік кедергілердің болуы.

3. Ұлттық палата Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік белсенділіктің жай-күйі туралы жыл сайынғы ұлттық баяндаманы әзірлеу және жариялау арқылы қоғам мен мемлекетті кәсіпкерлік белсенділіктің жай-күйі туралы объективті ақпаратпен қамтамасыз етеді.

4. Ұлттық палата мемлекеттік органдардың және (немесе) мемлекеттік қызметшілердің кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауы туралы ақпаратты жинауды, қорытуды және талдауды тұрақты негізде жүргізеді.

Жүргізілген талдау нәтижелері Қазақстан Республикасының Үкіметіне және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдарға жіберіледі.

Жылдық қорытындылар бойынша жүргізілген талдау нәтижелері елдегі кәсіпкерлік белсенділіктің жай-күйі туралы жыл сайынғы ұлттық баяндама құрамында Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізіледі.

11-бап. Ұлттық палатаның кәсіпкерлікті қолдау және дамытуды ұйымдастыру саласындағы функциялары

1. Ұлттық палата Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен:

1) кәсіпкерлерді сервистік қолдауды қоса алғанда, кәсіпкерлік субъектілерін қаржылық емес қолдаудың мемлекеттік бағдарламалар операторы функцияларын жүзеге асырады;

2) экспортты қолдаудың мемлекеттік және өзге де бағдарламалары жөніндегі оператор функцияларын жүзеге асырады;

3) арнайы экономикалық аймақтарды басқаруға қатысады;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының өткізу пункттерінің инфрақұрылымы, оның ішінде сервистік (кедендік) инфрақұрылым объектілерінің (мемлекеттік бақылау органдарының арнайы

жабдықтарын қоспағанда) жарақтандырылуын және техникалық жасақталуын қоса алғанда, оларды салуды (реконструкциялауды), жұмыс істеуін (пайдаланылуын), сондай-ақ көрсетілген өткізу пункттерінде шекаралық, кедендік және бақылаудың өзге де түрлерін ұйымдастыруға қажетті ғимараттарды, үй-жайларды және құрылыстарды күтіп-ұстауды және жөндеуді қамтамасыз етуге қатысады;

5) корпоративтік басқарудың практикасын талдауды және қорытуды жүзеге асырады;

б) кәсіпкерлерді оқытуды ұйымдастырады, сондай-ақ оларға бизнес ашу және жүргізу жөніндегі консалтингтік қызметтер көрсетеді.

2. Ұлттық палата уәкілетті мемлекеттік органдардың, экономика салаларында шикізатты және тауарларды өткізу мен тұтынудың ұлттық отын-энергетика теңгерімдерін әзірлеуіне қатысады.

12-бап. Ұлттық палатаның отандық өндірісті қолдау саласындағы және ұйымдардың сатып алудағы жергілікті қамту үлесін арттыру функциялары

1. Ұлттық палата Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен отандық өндірісті қолдау және сатып алуда жергілікті қамту үлесін арттыру жөніндегі шараларды жүзеге асыруға қатысады, оның ішінде:

1) тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер мен олардың өнім берушілерінің дерекқорын қалыптастырады және жүргізеді, сондай-ақ өтініш берушілерді осы дерекқорға енгізу үшін оларды бағалау критерийлерін әзірлейді;

2) уәкілетті ұйымдар талдау және оларға мониторинг жүргізу үшін ұсынатын жыл сайынғы, орта мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдерге арналған, өндірілген, өндірілетін және жоспарланатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы мәліметтер мен ақпаратты жинауды, өңдеуді және қорытуды жүзеге асырады;

3) тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер нарығын талдауды, оның ішінде тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер нарығына мониторинг жүргізудің ақпараттық талдау жүйесін құруды және жүргізуді жүзеге асырады;

4) сатып алу және жергілікті қамту үлесін арттыру саласында талдамалық зерттеулер жүргізеді.

2. Ұлттық палата жер қойнауын пайдаланушылардың тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер, кадрлар және аумақтарды әлеуметтік дамытудағы жергілікті қамту бөлігінде келісімшарттық міндеттемелерін орындауына мониторингті жүзеге асыруға қатысады.

13-бап. Ұлттық палатаның экономика салаларында кадрларды даярлау, қайта даярлау, біліктілікті арттыру, сертификаттау және аттестаттау мен техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту саласындағы функциялары

Ұлттық палата Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен:

1) біліктіліктің салалық негіздемелерін, кәсіптік стандарттарды әзірлеуге және



кәсіптік стандарттар, оның ішінде техникалық және кәсіптік білім беру саласында кәсіптік стандарттар тізілімін жүргізуге қатысады;

2) дербес білім беру ұйымдарын қоспағанда, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауға қатысады;

3) техникалық және кәсіптік білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғалардың білім беру қызметін лицензиялау жөніндегі консультативтік-кеңесші органның жұмысына қатысады;

4) мамандардың біліктілігін тәуелсіз сертификаттауды жүзеге асырады;

5) Ұлттық палата өкілінің алқалық басқару органдарына қатысуы арқылы дербес білім беру ұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын басқаруға қатысады;

6) экономика салаларындағы еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес кадрларды даярлауға мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру және орналастыру үшін ұсыныстар енгізеді;

7) техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту және кадрларды даярлау жөніндегі салалық және өңірлік кеңестердің жұмысына қатысады;

8) оқу-әдістемелік материалдарды, оның ішінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, техникалық және кәсіптік білім берудің, білім беру оқу бағдарламаларын және жоспарларын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобына қатысады;

9) кәсіпкерлік субъектілерінің кәсіби кадрларға мұқтаждығына мониторинг жүргізуге қатысады;

10) мамандарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

11) техникалық және қызмет көрсететін еңбек кәсіптері (мамандықтары) бойынша кәсіптік даярлау, қайта даярлау, біліктілікті арттыру және біліктілік беру жөніндегі оқу орталықтарын құрады;

12) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, келісімшартты орындау кезінде тартылған қызметкерлерді оқытуға, олардың біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға немесе уәкілетті органмен келісілген мамандықтар тізбесі бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарын оқытуға бағытталған шығыстар бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың міндеттемелерді орындауы жөніндегі ақпаратты жинауға және талдауға қатысады.

14-бап. Ұлттық палатаның кәсіпкерлік субъектілерінің сыртқы экономикалық қызметті дамыту, инвестициялар тарту және ұлттық экономиканы әртараптандыру саласындағы функциялары

Ұлттық палата нормативтік құқықтық актілерде және Ұлттық палатаның жарғысында көзделген тәртіппен:

1) шетелде өз өкілдіктерін құрады, қайта ұйымдастырады және таратады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық шарттардың

ережелеріне сәйкес шетелдік ұйымдарымен бірлесіп, іскерлік кеңестер және өзге де консультативтік-кеңесші органдар құрады;

3) Қазақстан Республикасында өткізілетін халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелер, ұлттық және өңірлік көрмелер мен жәрмеңкелер, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысатын шетелдегі халықаралық көрмелер тізілімін жүргізеді;

4) қазақстандық тауарлар мен қызметтерді әлемдік нарықта ілгерілету үшін халықаралық маркетингті және жарнамалық қолдауды жүзеге асырады;

5) сыртқы экономикалық қызмет мәселелері бойынша ақпараттық, бағалау, брокерлік, маркетингтік, жарнамалық, аударма және консалтингтік қызметтер көрсетеді;

6) экспорт-импортты реттеу мәселелері бойынша барлық елдердің заңнамалары, өткізілетін жәрмеңкелер, көрмелер, халықаралық тауар айналымы және төлемдер, халықаралық саудаға және шаруашылық ішілік қызметке байланысты басқа мәселелердің жай-күйі туралы ақпаратты жинауды, талдауды және өз мүшелеріне ұсынады жүзеге асырады;

7) тауардың шығарылуы туралы сертификаттың ресімделуі және куәландырылуы, тауардың шығарылған жері туралы сараптама актісін жасауды мен беруді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырады;

8) техникалық реттеу және өлшемдер бірлігін қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша тауардың шыққан жері туралы сертификаттың көшірмесін және тауардың шығарылуын растайтын құжаттарды тауардың шығарылған жері туралы сертификат берілген күннен бастап кемінде үш жыл бойы сақтайды;

9) жылына кемінде бір рет кеден ісі саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органға және техникалық реттеу және өлшемдер бірлігін қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органға тауарлардың шыққан жері туралы сертификаттарды растауға уәкілетті адамдардың мөр таңбаларының үлгілерін, қойылған қолдарын жолдайды;

10) тоқсан сайын сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органға тауардың шыққан жері туралы берілген сертификаттар бойынша ақпаратты ұсынады;

11) тауардың шығарылған елін айқындау бойынша сараптаманы қоспағанда, тауарларға тәуелсіз сараптамаларды жүзеге асырады;

12) Қазақстан Республикасының дара кәсіпкерлері мен заңды тұлғаларының, қаржылық-экономикалық жағдайы кәсіпкерлік қызмет серіктестерінің сенімділік деңгейін айқындауға мүмкіндік беретін сыртқы экономикалық қызмет қатысушыларының көрсетілген тұлғалардың келісімі бойынша құрастырылған тізілімін жүргізу тәртібін айқындайды және жүргізеді;

13) Қазақстан Республикасының сыртқы сауда мәмілелері мен халықаралық шарттарының талаптарына сәйкес еңсерілмейтін күш жағдайын, сондай-ақ Қазақстан Республикасында танылған сауда және порт әдет-ғұрыптарын куәландырады;

14) Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне сәйкес кепіл болады және уақытша әкелу туралы құжаттарды береді.

#### **4-тарау. Ұлттық палатаны құру ерекшеліктері**

15-бап. Ұлттық палатаны құру ерекшеліктері

1. Ұлттық палата Ұлттық кәсіпкерлер палатасы - коммерциялық емес ұйымның өзге ұйымдық-құқықтық нысанында құрылады.

2. Ұлттық палата әрбір облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада Өңірлік палаталарды құрады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында бір ғана Өңірлік палата құрылуы және қызмет етуі мүмкін.

3. Тиісті облыстың барлық аудандарында, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың аудандарында және астанада, сондай-ақ аудандық маңызы бар қалаларда Өңірлік палатаның аудандық филиалдары құрылады.

16-бап. Ұлттық палатаның мүлкі

1. Ұлттық палатаның мүлкі мыналар:

1) міндетті мүшелік жарналар;

2) көрсетілетін қызмет түсімдері (кірістері);

3) Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған басқа да түсімдер есебінен қалыптасуы мүмкін.

Ұлттық палатаның осы Заңға сәйкес қалыптастырылған мүлкі оған меншік құқығымен тиесілі.

2. Ұлттық палата Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік тапсырмалар мен тапсырыстар алуға құқылы.

3. Ұлттық палата құрылтайшыларының Ұлттық палата мүлкіне мүліктік құқықтары жоқ.

Ұлттық палатаның құрылтайшылары оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді, Ұлттық палата құрылтайшылардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

4. Ұлттық палатаның кәсіпкерлік қызметінен түскен кірістер оның мүшелері арасында бөліне алмайды және жарғылық мақсаттарға жұмсалады.

17-бап. Ұлттық палатаны қайта құру және тарату

Ұлттық палатаны қайта құру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

#### **5-тарау. Ұлттық палатаны, өңірлік палатаны және олардың филиалдарын басқару**

18-бап. Ұлттық палатаны, өңірлік палатаны және олардың филиалдарын басқару органдары

1. Ұлттық палатаның басқару органдары:

1) жоғары басқару органы - съезд;

2) басқару органы - төралқа;

3) атқарушы органы - басқарма;

4) қаржылық - бақылау органы - тексеру комиссиясы болып табылады.

2. Өңірлік палаталардың және олардың тиісті облыстың аудандарындағы, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың аудандарындағы және астанадағы, сондай-ақ аудандық маңызы бар қалалардағы филиалдарының басқару органдары:

1) байқаушы орган - өңірлік кеңес;

2) өңірлік палатаның атқарушы органы - дирекция;

3) тиісті облыстың аудандарындағы, облыстық, республикалық маңызы бар қалалар аудандарындағы және астанадағы, сондай-ақ аудандық маңызы бар қалалардың филиалдарының атқарушы органы - директор болып табылады.

3. Ұлттық палатаның жарғысына сәйкес өзге де органдар құрылуы мүмкін.

4. Ұлттық палатаның жоғары басқару және басқару органдарындағы жұмыс тегін негізде жүзеге асырылады.

19-бап. Ұлттық палатаның съезі

1. Ұлттық палатаның съезі (бұдан әрі - Съезд):

1) саны үш адамнан кем емес Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдерінен;

2) аккредиттелген қауымдастықтардың (одақтардың) және Өңірлік кеңестер делегаттарының тең саны негізінде қалыптасады.

2. Съезді төралқа төрағасы басқарады.

3. Үкіметтің өкілдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайды және б о с а т а д ы .

4. Өңірлік кеңестердің санымен салыстырғанда аккредиттелген қауымдастықтардың (одақтардың) саны көбірек болған жағдайда, аккредиттелген қауымдастықтардың (одақтардың) өкілдері олардың өзара келісуімен съезд жұмысына қатысу үшін сайланады. Съезд жұмысына қатысу үшін аккредиттелген қауымдастықтарды (одақтарды) сайлау тәртібі жарғыда айқындалады.

5. Съездің айрықша құзыретіне:

1) Ұлттық палатаның жарғысын бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу, оның жаңа редакциясын бекіту;

2) төралқа төрағасын және төралқа мүшелерін, тексеру комиссиясының мүшелерін лауазымға тағайындау және лауазымынан босату;

3) Өңірлік кеңестерден съезге делегаттар сайлау тәртібін, сондай-ақ өңірлік кеңестер мүшелерін сайлауды өткізу тәртібін бекіту;

4) тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумағында тіркелген (есептік тіркеуден өткен) кәсіпкерлік субъектілерінің және қауымдастықтардың (одақтардың) жалпы санын ескере отырып, Өңірлік кеңестердің с а н д ы қ құ р а м ы н б е к і т у ;

5) төралқа мен басқарманың есептерін бекіту;

6) міндетті мүшелік жарналардың мөлшерін бекіту;

7) Ұлттық палата құрылтайшысы ретінде қатысатын заңды тұлғаларды құру туралы шешімдер қабылдау, олардың мақсаттарын, міндеттерін және өкілеттіктерін айқындау;

8) Ұлттық палатаның бюджетін бекіту;

9) Тексеру комиссиясының жылдық есебін бекіту;

10) шет мемлекеттер аумағында Ұлттық палатаның филиалдары мен өкілдіктерін құру туралы шешім қабылдау;

11) «Іскерлік ахуал» рейтингін дайындау және жүзеге асыру, нормативтік құқықтық актілерді, мемлекеттік, салалық және өзге бағдарламаларды, Қазақстан Республикасындағы іскерлік белсенділіктің жай-күйі туралы жыл сайынғы ұлттық баяндаманы іске асырудың әлеуметтік-экономикалық салдарына қоғамдық мониторинг жүргізу тәртібін бекіту;

12) Ұлттық палата қызметінің қорытындылары туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиіс жыл сайынғы баяндаманы бекіту жатады.

6. Ұлттық палатаның жарғысымен съездің құзыретіне қызметінің өзге де мәселелері жатқызылуы мүмкін.

7. Съезд отырысында тағайындалған өкілдер мен сайланған делегаттардың жалпы санының қарапайым көпшілігінің болуы кезінде шешім қабылдауға құқылы.

Съезде дауыс беру «бір өкіл (делегат) - бір дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады. Дауыс беру ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы іштей де және сырттай да нысандарда жүзеге асырылады. Съезде дауыс беруді жүргізу тәртібі Ұлттық палатаның жарғысында айқындалады.

Съездің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер отырысқа қатысушы өкілдер мен делегаттардың қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

Үкіметтің өкілдері туындаған келіспеушіліктер жойылғанға дейін, осы Заңда көзделген айрықша құзіреттілік мәселелері бойынша съездің шешімін тоқтата тұруға вето қою құқығына ие.

Дауыс беру құқығын беру, сондай-ақ басқа тұлғалар үшін дауыс беруге жол берілмейді.

20-бап. Съезді шақыру тәртібі

1. Съезді Ұлттық палатаның төралқасы бір жылда кемінде бір рет шақырады.

2. Съездің кезектен тыс отырысы Ұлттық палата төралқасының шешімімен шақырылады.

3. Съезді дайындауды және өткізуді басқарма жүзеге асырады.

4. Съезд қатысушыларына съездің алдағы өтуі туралы күнтізбелік қырық бес күннен кешіктірілмей, ал сырттай дауыс беру кезінде - Съезд өтетін күнге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей хабарлануға тиіс.

5. Съезді өткізу туралы хабарлама Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына

таралатын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

6. Съезд бастапқыда өткізілмеген жағдайда, съезд отырысын қайта өткізу Съезді өткізу белгіленген күннен кейінгі күнге белгіленуі мүмкін.

#### 21 - бап. Ұлттық палата төралқасы

1. Ұлттық палатаның Төралқасын (бұдан әрі - Төралқа) оның төрағасы басқарады және мынадай :

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдері мен қоғам қайраткерлерінің;

2) аккредиттелген қауымдастықтар (одақтар) өкілдерінің;

3) өңірлік кеңес төрағаларының тең санынан қалыптастырылады.

2. төралқа құрамын қалыптастыру мақсатында съездің шешімімен:

1) төралқа мүшелерінен төралқа төрағасы;

2) Қазақстан Республикасының қоғам қайраткерлері;

3) аккредиттелген қауымдастықтардың (одақтардың) өкілдері лауазымына сайланады және лауазымынан босатылады.

Төралқаның сайланатын мүшелері өкілеттіктерінің мерзімі төрт жылды құрайды. Төралқа мүшелерін сайлау және атқаратын лауазымынан босату тәртібі жарғыда айқындалады.

3. Үкіметтің кемінде үш адам өкілдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайды және босатады.

4. Төралқаның айрықша құзыретіне:

1) съезд қабылдаған бағдарламалық құжаттарды іске асыруға жәрдемдесу;

2) Ұлттық палата міндеттерінің орындалу барысын және мақсаттарға қол жеткізуін бақылау ;

3) Ұлттық палата қызметінің тиімділігін арттыру бойынша съезге ұсыныстар енгізу;

4) басқарманың төрағасын және мүшелерін сайлау;

5) басқармаға мемлекеттік билік органдарымен, үкіметтік емес, қоғамдық және халықаралық және өзге ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауға жәрдемдесу;

6) тексеру комиссиясының тексерулерін тағайындау және оның қорытындылары бойынша есептерді бекіту ;

7) егер осы Заңда өзгеше көзделмесе, Ұлттық палата қызметінде пайдаланылатын қағидаларды, регламенттерді және басқа да ішкі құжаттарды бекіту;

8) аккредиттелген қауымдастықтарға (одақтарға) қойылатын біліктілік талаптарын және қауымдастықтарды (одақтарды) аккредиттеу тәртібі туралы қағидалары бекіту;

9) Ұлттық палата құрылтайшысы ретінде қатысатын заңды тұлғалардың бірінші басшыларын Басқарманың ұсынысы бойынша тағайындау;

10) Төралқа комитеттерін қалыптастыру, олардың сандық және дербес құрамын айқындау, олардың жұмыс регламенттерін бекіту;

11) Өңірлік палаталардың үлгілік жарғысын және Өңірлік палаталардың филиалдары туралы үлгілік ережені бекіту жатады.

5. Ұлттық палатаның жарғысында Төралқаның құзыретіне өзге де мәселелер ж а т қ ы з ы л у ы м ү м к і н .

6. Төралқа мүшелері Ұлттық палатаның басқару органдарынан, Ұлттық палата құрылтайшысы ретінде қатысатын заңды тұлғалардан олардың қызметін жүзеге асыруға байланысты ақпаратты сұратуға құқылы.

7. Төралқа отырыста Төралқа мүшелерінің жалпы санынан қарапайым көпшіліктің болуы кезінде шешім қабылдауға құқылы.

Төралқа отырыстарында дауыс беруді жүргізу тәртібі Ұлттық палатаның Ж а р ғ ы с ы н д а а й қ ы н д а л а д ы .

Осы Заңда көзделген Төралқаның айрықша құзыретіндегі мәселелер бойынша шешімдерді Төралқа отырысына қатысып отырған мүшелерінің жалпы дауыс санының кемінде үштен екісін құрайтын білікті көпшілік дауыспен қабылданады.

Өзге мәселелер бойынша шешімдер отырысқа қатысушы төралқа мүшелерінің қарапайым көпшілігінің дауысымен қабылданады.

Басқа тұлғалар үшін дауыс беру сияқты дауыс беру құқығын да тапсыруға жол берілмейді.

## 22-бап. Төралқа комитеттері

1. Төралқа комитеттері төралқаның тұрақты қызмет ететін жұмыс органдары болып т а б ы л а д ы .

2. Комитеттердің санын және олардың жұмыс тәртібін төралқа айқындайды, комитеттер салалық белгілері бойынша құрылады. Төралқаның шешімі бойынша өзге к о м и т е т т е р қ ұ р ы л у ы м ү м к і н .

3. Комитеттер Ұлттық палатада аккредиттеуден еткен қауымдастықтар (одақтар) өкілдерінен тұрады. Комитет мүшелерінің санын төралқа айқындайды және саны ү ш е у д е н к е м б о л м а у ы т и і с .

4. Комитет төрағаларын тиісті комитеттің мүшелері оның мүшелері қатарынан сайлайды. Комитеттер төрағаларын сайлау тәртібі Жарғыда белгіленеді.

5. Комитет шешімі комитет мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, комитет төрағасының дауысы шешуші болып есептеледі.

## 23-бап. Ұлттық палата Басқармасы

1. Ұлттық палатаның басқармасы оның қызметіне ағымдағы басшылықты жүзеге а с ы р а д ы .

2. Басқарма съезге және төралқаға есеп береді. Басқарма мүшелерінің өкілеттік мерзімін және сандық құрамын съезд бекітеді.

3. Басқарма құрамы бес мүшеден кем болмауы тиіс басқармаға төраға басшылық ж а с а й д ы .

4. Басқарманың төрағасы мен мүшелерін төралқа сайлайды.

5. Басқарма құзыретіне Ұлттық палата қызметінің осы Заңға және жарғыға сәйкес

съездің және төралқаның құзыретіне жатпайтын мәселелерін қарау және олар бойынша  
ш е ш і м қ а б ы л д а у ж а т а д ы .

6. Егер басқарма отырысында оның мүшелерінің жартысынан көбі қатысса, басқарма отырыстар заңды болып табылады. Шешім қатысушы Басқарма мүшелері санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағалық етуші дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

7. Төрағаны қоспағанда, басқарма мүшелері басқа басқару органдарына сайлана  
а л м а й д ы .

8 . Б а с қ а р м а т ө р а ғ а с ы :

1) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында және одан тыс Ұлттық палатаның мүддесінде және оның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) Ұлттық палата қызметіне ағымдағы басшылықты жүзеге асырады;

3) Ұлттық палатаның атынан шарттар және негізгі қызметпен байланысты өзге құжаттарды ж а с а с а д ы ( қ а б ы л д а й д ы );

4) Ұлттық палатаның мүдделерін білдіреді және мемлекеттік органдармен және өзге ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

5) Басқарма мүшелері арасынан басқарма төрағасының орынбасарларын лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

6) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес Ұлттық палатаның жұмысын ұйымдастырады, штаттық кестені, лауазымдық еңбекақыны қалыптастырады және бекітеді, қызметкерлерді жұмысқа қабылдауды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға қатысты көтермелеу және тәртіптік ж а з а л а у ш а р а л а р ы н қ о л д а н а д ы ;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес банктерде шоттар ашады, бухгалтерлік есеп және есептілікті ұйымдастырады;

8) осы Заңға және жарғыға сәйкес Ұлттық палатаның қаражаты мен мүлкіне иелік е т е д і ;

9) Ұлттық палата мүшелерінің тізілімін жүргізуді ұйымдастырады;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Ұлттық палатаның жарғысында тыйым салынбаған өзге функцияларды жүзеге асырады.

24-бап. Ұлттық палатаның Тексеру комиссиясы

1. Ұлттық палатаның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін жоғары басқару органы саны кемінде бес мүшеден тұратын тексеру комиссиясын қ ұ р а д ы .

2. Төралқаның, басқарманың мүшелері мен басшылары, сондай-ақ олардың жақын туыстары тексеру комиссиясының мүшелері бола алмайды.

3. Тексеру комиссиясы өз қызметін жоғары басқару органы бекіткен ережеге сәйкес жүзеге асырады.



1. Өңірлік кеңес өңірлік палатаның байқаушы органы болып табылады және әрбір облыс, республикалық маңызы бар қала, астана үшін съезд бекіткен сараланған квота шегінде кәсіпкерлік субъектілері делегаттарынан, сондай-ақ қауымдастықтар (одақтар) өкілдерінен қалыптастырылады.

2. Өңірлік кеңес делегаттары төрт жыл мерзімге тікелей дауыс беру арқылы сайланады.

3. Аудандар мен қалаларда дауыс беруді және дауыстарды санауды өткізу үшін өңірлік палаталар жанынан сайлау учаскелері құрылады. Сайлау учаскелері жергілікті және өзге де жағдайлар ескеріле отырып, дауыс беретін мүшелерге барынша қолайлы жағдай жасау мақсатында құрылады.

4. Кәсіпкерлік субъектісінің тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумағында тіркелуі, сондай-ақ оның филиалының есептік тіркелуі фактісі оны нақты сайлау учаскесінде дауыс беретін мүшелер тізіміне енгізуге негіз болып табылады.

5. Өңірлік кеңес делегаттарына кандидаттар ұсыну: қауымдастықты (одақты) және (немесе) оның филиалын тіркеу орны бойынша өзін-өзі ұсыну жолымен қауымдастықтар (одақтар); өздерін сайлаушылар тізіміне енгізген орны бойынша өзін-өзі ұсыну жолымен кәсіпкерлік субъектілері жүргізеді.

6. Өңірлік кеңес делегаттарын сайлауды өткізу тәртібін Ұлттық палатаның съезі айқындайды.

7. Өңірлік кеңесті оның өз өкілеттіктері мерзіміне жасырын дауыс беру арқылы қарапайым көпшілік дауыспен өзінің құрамынан мүшелері сайлаған төраға басқарады. Өңірлік кеңес төрағасы лауазымы бойынша төралқа мүшесі болып табылады.

## 8 .                      Өңірлік кеңес :

1) өңірлік палата дирекциясына мемлекеттік билік органдарымен, үкіметтік емес, қоғамдық және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауға жәрдемдеседі;

2) басқару органдары қабылдаған бағдарламалық құжаттарды іске асыруға жәрдемдеседі ;

3) съезге делегаттар құрамын бекітеді;

4) өңірлік палатаның және тиісті облыс аудандарының, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аудандарының, сондай-ақ аудандық маңызы бар қалалардың филиалдары қызметінің шеңберінде Ұлттық палатаның міндеттерді орындау және мақсаттарға қол жеткізу барысын бақылайды;

5) өңірлік палаталардың ағымдағы қызметінің нақты салалары мен экономика секторлары мүдделерін ескерілуін қамтамасыз етеді;

6) съезге Ұлттық палата қызметінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізеді ;

7) Өңірлік палаталар мен аудандық филиалдар басшыларының кандидатурасын тағайындауға келіседі;

8) кәсіпкерлік мәселелері бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді;

9) өңірлік палатаның жарғысына сәйкес өңірлік кеңеске жүктелген өзге де мәселелерді шешеді.

9. Өңірлік кеңес мүшелері Өңірлік палатаның басқару органдарынан және олардың филиалдарынан, Ұлттық палата құрылтайшы ретінде қатысатын заңды тұлғалардан олардың қызметін жүзеге асыруға байланысты ақпарат сұратуға құқылы.

10. Өңірлік кеңестің шешімдері өңірлік кеңес отырысына қатысушылардың қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

26-бап. Өңірлік палаталардың, аудандық және қалалық филиалдардың атқарушы органдары

1. Өңірлік палатаның дирекциясын және тиісті облыстың ауданы, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ауданы, сондай-ақ аудандық маңызы бар қала филиалының директорын Өңірлік кеңестің келісімі бойынша басқармат ағайындайды.

2. Өңірлік кеңес пен басқарма төрағасының арасында келіспеушіліктер туындаған жағдайда төралқа өңірлік палата дирекциясын және тиісті облыстың ауданы, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ауданы, сондай-ақ аудандық маңызы бар қала филиалының директорын тағайындау туралы шешім қабылдайды.

3. Өңірлік палата және тиісті филиалдар дирекциясының лауазымына кандидаттарының Ұлттық палатаның съезі белгілеген талаптарға сәйкес біліктілік деңгейі мен жұмыс тәжірибесі болуы тиіс.

#### **6-тарау. Ұлттық палатадағы мүшелік. Міндетті мүшелік жарналарды төлеу тәртібі**

27-бап. Ұлттық палатаның мүшелері

1. Егер осы Заңда өзгеше белгіленбесе, Ұлттық палатаның мүшелері кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.

2. Ұлттық палатаның мүшелері:

1) Ұлттық палата тарапынан кәсіптік қолдау мен қорғауға, сондай-ақ оның Жарғысында көзделген көрсетілетін қызметтерді пайдалануға;

2) басқару органдарына сайлауға және сайлануға;

3) Ұлттық палатаға жазбаша сұрау салулармен жүгінуге және Ұлттық палатаға берілген өкілеттіктер шегінде дәлелді жауаптар алуға, оның қызметін ұйымдастыруды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

4) осы Заңда және оның Жарғысында көзделген тәртіппен Ұлттық палатаны басқаруға қатысуға;

5) Ұлттық палата ұйымдастырған оқытудан, қайта даярлаудан, біліктілікті арттырудан өтуге;

6) білікті ақпараттық-талдамалық қолдауын, оның ішінде әртүрлі бейіндегі тәуелсіз сарапшылар көрсететін қызметтерді алуға;

7) Ұлттық палатаның жарғысында көзделген тәртіппен оның қаржы қызметі туралы есептерді тыңдауға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды пайдалануға құқылы.

3. Ұлттық палатаның мүшелері міндетті мүшелік жарналарды төлеуге міндетті.

4. Ұлттық палата мүшелерінің құқықтары тең.

5. Ұлттық палата кәсіпкерлік субъектілердің кәсіпкерлік қызметіне араласуға, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға құқылы емес.

6. Дауларды реттеу Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

28-бап. Міндетті мүшелік жарналар

1. Ұлттық кәсіпкерлер палатасына міндетті мүшелік жарналарды төлеу тәртібін және олардың ең жоғарғы мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Съезд бекітетін міндетті мүшелік жарналардың мөлшерін Ұлттық палата жыл сайын 1 шілдеге дейінгі мерзімде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

3. Мыналар:

1) республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және алдыңғы есептік күнтізбелік жылдың 1 қаңтарында қолданыста болған алдыңғы есептік күнтізбелік жылғы жиынтық жылдық табысы алпыс мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын кәсіпкерлік субъектілері;

2) республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және алдыңғы есептік күнтізбелік жылдың 1 қаңтарында қолданыста болған алдыңғы есептік күнтізбелік жылғы жиынтық жылдық табысы алпыс мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын және үш жүз жиырма бес мың еселенген алдындағы есептік күнтізбелік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын кәсіпкерлік субъектілері;

3) республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және алдыңғы есептік күнтізбелік жылдың 1 қаңтарында қолданыста болған алдыңғы есептік күнтізбелік жылғы жиынтық жылдық табысы үш жүз жиырма бес мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын кәсіпкерлік субъектілері міндетті мүшелік жарналарды төлеушілер болып табылады.

4. Ұлттық палата міндетті мүшелік жарна бойынша есептеуді жүзеге асыру үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген тәртіппен салық органдары берген мәліметтердің негізінде жыл сайын 1 шілдеге дейін есеп шот ұсынады.

5. Кәсіпкерлік субъектілері міндетті мүшелік жарналарды жыл сайын 31 желтоқсанға дейін төлейді.

## **7-тарау. Қорытынды ережелер**

29-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық палата туралы заңнамасын бұзғаны  
ү ш і н ж а у а п т ы л ы қ

Қазақстан Республикасының Ұлттық палата туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

### 30 - б а п .            Ө т п е л і            е р е ж е л е р

1. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін өз атауларында «Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы», «Ұлттық кәсіпкерлер палатасы» деген сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана отырып, тіркелген заңды тұлғалар осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап үш ай ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік қайта тіркелуге жатады.

2. Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палатасы мен аумақтық сауда-өнеркәсіп палаталары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл өткеннен кейін таратылуға жатады. Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палатасы мен аумақтық сауда-өнеркәсіп палаталарын тарату кезінде кредиторлардың талаптарын қанағаттандырудан кейін қалған мүлік Ұлттық палатаға берілуге жатады.

3. Осы Заңның 14-бабында көзделген ережелер осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы Заңның 10-бабының 2-тармағында және 28-бабының 5-тармағында көзделген ережелер 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

### 31-бап. Құрылтай кезеңі және өтпелі кезең

1. Ұлттық палатаның құрылуын және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл құрылтай кезеңі және бес жылға дейін өтпелі кезең белгіленеді.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі және барлық облыстарда, республикалық маңызы бар қалада, астанада филиалдары, сондай-ақ орталық атқарушы органдарда кемінде бес жыл аккредиттеу тәжірибесі бар қауымдастық (одақ) Ұлттық палатаның құрылтайшылары болып табылады.

3. Ұлттық кәсіпкерлер палатасының құрылтайшылары:

1) Ұлттық палатаның жарғысын бекітеді;  
2) лауазымы бойынша төралқаның құрамына кіретін Өңірлік Кеңестер төрағаларын қоспағанда, Ұлттық палата төралқасының мүшелерін бірлескен шешіммен тағайындайды.

4. Осы Заңда және Ұлттық палатаның жарғысында оның құзыретіне жатқызылған съездің өкілеттігі бүкіл құрылтай кезеңі ішінде Ұлттық палатаның төралқасына жүктеледі.

5. Басқарманы және тексеру комиссиясын осы Заңда белгіленген мерзімге Ұлттық палатаның төралқасы тағайындайды. Басқарманың ұсынуы бойынша төралқа тиісті өңірлік палаталардың дирекциясын және өңірлік кеңестер мүшелерін тағайындайды.

6. Өңірлік кеңестердің тағайындалған мүшелері өз төрағаларын сайлайды. Өңірлік кеңестердің төрағалары өздерін сайлағаннан кейін төралқаның құрамына кіреді.

7. Басқарманың ұсынысы бойынша төралқа тиісті филиалдардың басшыларын тағайындайды.

8. Съезд осы Заңның талаптарын ескере отырып, құрылтай кезеңі аяқталғаннан кейін шақырылады. Съездің бірінші шақырылымы ішінде басқару органдары сайланбайды.

9. Осы Заңның 28-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген кәсіпкерлік субъектілері өтпелі кезең ішінде міндетті мүшелік жарналар төлеуден босатылады.

Өтпелі кезең аяқталғаннан кейін міндетті мүшелік жарналар төлеуден босату туралы шешімді Ұлттық палатаның съезі қабылдайды.

10. Осы Заңның 25-бабының және кезекті съезд шақырылымының талаптарын ескере отырып, облыстарда, республикалық маңызы бар қалада және астанада өңірлік кеңестер қалыптасқан кезекті съезд шақырылған сәттен бастап өтпелі кезең аяқталды деп есептеледі.

11. Өтпелі кезең аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының Үкіметі Ұлттық палата құрылтайшыларының құрамынан шығады.

32-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл өткен соң «Сауда-өнеркәсіп палаталары туралы» 2005 жылғы 3 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, мамыр, 2005 ж., № 9, 25-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 17, 80-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат, № 15, 71-құжат) күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті